



Мәңгі

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz


С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚазАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

УНИВЕРСИТЕТИМ

ЕСТЕЛІК КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

«**Ғибратты ғұмыр: Тұлға. Ұстаз. Ғалым**» атты кітап абзал азамат, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстанның кәсіптік-техникалық білім беру ісінің құрметті қызметкері және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбдікәрімұлын есте қалдыруға арналған.

Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Болат Әбдікәрімұлының адамдығы асқақ азаматтық даралықтан даналықтың дариясы ел ақсақалы деңгейіне көтерілуіне негіз болған өнегелі өмір жолынан тың деректер жинақталған. Екінші бөлімде ғалым-ұстаздың соңғы жылдары жарияланған ғылыми мақалаларының жинағы, негізгі еңбектері жайлы мәліметтер, сондай-ақ оның басшылығымен қорғалған докторлық, кандидаттық және магистрлік диссертациялардың тізімі топтастырылған. Ал үшінші бөлімге көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз туралы жазылған естеліктер топтастырылған. Ақыл-




ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР:
ТҮЛҒА. ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ

ойдың асыл қазынасындай болған парасатты тәлімгер, Алаш рухын ардақтаған арқалы азамат, ардақты тұлға жайлы әріптестері мен шәкірттерінің естеліктерінен оқырман Болат Әбдікәрімұлының азаматтық, ғалымдық, ұстаздық тұлғасын толық көре алады. Кітапқа ғалымның өнегелі өмір шежіресінен сыр шертетін фотосуреттері де еніп отыр.

Профессор Болат Әбдікәрімұлының кәсіптік білім беру саласын заманауи биік талаптар тұрғысынан зерделеп, жастарды тәрбиелеудегі ерен еңбегі, адами тұлғасы, биік парасаты жайлы сыр шертетін бұл жинақ болашақ ұрпақ ғибрат алар үлгі-өнегеге толы деп есептейміз.

Кітапты құрастырғандар - университетіміздің бірінші проректоры Әбдіров Айтжан Мұхаметжанұлы, ғылымдағы әріптесі Егоров Виктор Владимирович және шәкірті Сарбасова Қарлығаш

Амангелдіқызы. Бұл кітап республикалық деңгейдегі «Жасыл орда» баспасынан шықты. Оны басып шығаруға қолдау көрсетіп, демеушілік еткен Оралбай Әбдікәрімұлына үлкен алғысымызды білдіреміз.



Ғалымның атындағы зертхана

Профессор
Болат Әбдікәрімұлы
атындағы
«Тұлғаның заманауи
психологиялық мәселелері»
ғылыми - практикалық
зертханасы

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылыми Кеңесінің 2014 жылдың 27-ші қарашасындағы шешімімен кәсіптік білім беру кафедрасының жанынан құрылған «Тұлғаның заманауи психологиялық мәселелері» ғылыми-практикалық зертханасына Болат Әбдікәрімұлының есімі берілді.

Адамзат өмірінің өлшемі жарық дүние сыйлап, ер жеткізіп, соңында қалдырған мұрагерімен бағаланса, ұстаз өмірі білім нәрімен сусындатып, ғылымға бойлатқан, тағылымын жалғастырар тәлімгерлерімен ардақталары анық. Бұл қағидамен санамалайтын болсақ, Болат Әбдікәрімұлының ғұмыры құндылыққа толы болғандығына баршамыз куәміз.

Ғалымның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында ашылып отырған бұл зертхана артына мол педагогикалық мұра қалдырған, өскелең ұрпақ үшін өнегелі өмір үлгісі болып табылатын Болат Әбдікәрімұлының рухымен ірі шығармашылық ұяға айналып, оның күш-қайратын сарп етіп жазған еңбектері сан мың шәкірттер жанына таусылмас қазына, жарқырай беретін шамшырақ болады деп білеміз.



Памяти выдающегося ученого, педагога Болат Әбдікәрімұлы



Год назад ушел из жизни педагог, ученый Болат Әбдікәрімұлы. Большой этап работы его был связан становлением и развитием в Казахстане профессионально-технического образования. Более 50 лет он посвятил себя подготовке молодого поколения. Вопросы развития профессионального образования он пронес, исследуя всю жизнь. По его книгам училось не одно поколение педагогов. Его труды отражали совершенствование содержания, форм и методов профессионального обучения. Он автор более 300 научных публикаций.

Нашей кафедрой и студентами он воспринимался как один из наиболее интересных лекторов. Широко эрудированный и как разносторонний человек, он свои лекции насыщал собственными жизненными примерами, помогая молодежи формировать свои взгляды на главные проблемы научной, общественно-политической жизни, осмысливать окружающую действительность. Его учебные занятия со студентами, магистрантами были лабораторией творческого мышления, своеобразными диалогами со слушателями, и это общение было познавательным.

Одновременно с педагогической деятельностью Болат Әбдікәрімұлы вел значительную научную и общественную работу, возглавляя в течение многих лет диссертационный совет по защите кандидатских диссертаций по педагогическим специальностям. Способствовал творческому росту талантливой научной молодежи. Им было подготовлено более 70 кандидатов и докторов наук.

Его заслуга перед народом Казахстана отмечена орденом «Құрмет» и другими Государственными наградами. Он - Заслуженный деятель Казахстана и лауреат премии А.С. Небольсина.

Болат Әбдікәрімұлы остался в памяти всех тех кого он учил, кому он дал путевку в науку и большую жизнь, в памяти коллег, друзей, людей которые знали его как великодушного, доброго и отзывчивого человека.

Память об ученом - это развитие его идей совершенствования профессионального образования, укрепление духовного богатства народа Казахстана.



**Старший преподаватель кафедры
«Профессиональное образование» к.п.н.
Абенова Б.Т.**



Ұстаз ұлағаты



А.К. Асаубаева

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Кәсіптік білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты

*Адамның шынайы байлығы затта емес,
ақыл-парасатта, рухани қазында.
В.А. Сухомлинский*

Ұстаздық - ұлағат тарататын шығармашылық мамандық. Әрбір шығармашылық жұмыс өз иесінен ойлылықты, ізденгіштікті, жаңалыққа жаршы болуды талап етеді.

Ұстаздық еңбек жас талғамайды, ол жолға түскен жанға тек жалықпай іздену, өз ісін сүйе білу қажет. Бұл ақиқатты толық түсінген адам оның қиындықтарын жеңеді, әрі шығармашылық

қуанышқа да бөленеді. Демек, ұстаз білімді болса, шәкірттер жүрегіне жол таба алады, өзі үйренуімен қатар әріптестеріне де үлгі болар дәрежеге жетеді.

Осы белгілі шындықты педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбдікәрімұлының бойынан кездестірдім. Болат Әбдікәрімұлы еңбек сүйгіш, жігерлі ұстаз ретінде өз шәкірттеріне ісімен өнегелі болып қалмақ.

Студент күнімнен санама сіңгені ұстаз алдында балғын жанары мөлдіреген алаңсыз шәкірт едім. Қазір болса, бір кездері өзім көрген ойлы да салиқалы ұстазымның кейпін кигендей сезінемін. Бір аңдағаным – ұстаз болу түсінген жанға асқан жауапкершілік пен орасан еңбекті қажет етер күрделі іс екен. Осы ретте Болат Әбдікәрімұлы студенттік білім алу күндерімде дәріс оқып, ғылым жолының қайнар көздерімен таныстырды. Оған дәлел, Болат Әбдікәрімұлының маған студенттік кезден дәріс оқып, соңы үлкен ғылым жолында ұстаз болуы. Шындығында, қай ұстаз алдындағы шәкірттің үлгілі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болуын қаламайды. Бұл – жетекшіден көп ізденісті, тәжірибе мен шеберлікті, ақыл мен тәсілді ұштастыра білуді қажет етеді.

Болат Әбдікәрімұлының жаратылысы әрқашан шындықты, турашылдықты, әдіптілікті бейнеледі. Отбасы.Ғылым.Шәкірт. Осы үш нәрсе Болат Әбдікәрімұлын қажытпады, шаршатпады. Себебі ол өзінің бақытын еңбектен, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруден тапқан тұлға еді.

Ұстазымның берген кеңесі, білім жолындағы көрсеткен бағыттары мен сөздері бүгінгі күнге дейін және мәңгілік азық болмақ. Алдында асқар таудай аға, тәлімгер ұстазым болғанына не жетсін! Өмірінің соңғы кезіне дейін шәкірт тәрбиелеуге арнап, сол жолда қажымай-талмай еңбек еткен ұстазымның жарқын бейнесі мәңгілік жадымда қалады.

С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ студент жастарының

«Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген.

Баспасөз орталығының Директоры А.Жұмабаева

Шығарушы редакторы Н. Қуандықова

Дизайн және беттеуші А.Армияқызы

Редакцияның мекен жайы; Астана, Жеңіс даңғылы, 62

Телефоны 8 /7172/ 39 57 07

Газет ай сайын шығады, таралымы 1 000 дана.